

ҚҰРБАНОВ АҒАПАША ГҮЛӘЛІҰЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Құрбанов Ағапаша Гүләліұлы 1967 жылы Шымкент қаласында дүниеге келді. 1994 ж. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген. 2003 жылы Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және шетел тілдері университетінде, ф.ғ.д., профессор Н.Авазбаевтың жетекшілігімен «Түркі тілдерінде лингвотипологиялық талдау жасау» (қазіргі қазақ, түрік, өзбек тілдері материалдары негізінде) тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1994 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында, 2008 жылдан бастап АИУ қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы, 2011-2012 оқу жылынан бастап ОҚМПИ қазақ тілі және әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметін атқаруда және «Қазіргі қазақ тілі» (фонетика), «Мемлекеттік тілде іс жүргізу», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазақ тілі» (орыс топтарында) пәндерінен дәріс береді.

А.Г.Құрбановтың «Қазақ мәдениетіндегі ырымдар мен тыйымдар» атты көмекші оқу құралы (2001 ж.), «Қазіргі қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі консонанттық тіркестерге лингвотипологиялық талдау жасау», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» атты оқу-әдістемелік құралы (2007ж.), 47 ғылыми мақаласы республикалық ғылыми журналдар мен Халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында жарияланды.

2008-2009 оқу жылында А.Г.Құрбановтың жетекшілігімен орындалған 31034 оқу тобының студенті Т.Әбілованың ғылыми-зерттеу жұмысы ҚР ЖОО өткізілетін «Ең үздік ғылыми жұмыс» атты республикалық байқауда үздік деп танылып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломымен марапатталды.

А.Г.Құрбанов «Жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі үшін» мұғалімдердің төл мерекесіне орай Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ ректораты тарапынан (2003 ж.), ОҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тіл және отбасы» конкурсының жүлдегері ретінде басқарма бастығы тарапынан (2005ж.), ОҚО «Түркия» түрік этно-мәдени орталығының

басшылығы тарапынан (2006 ж.), ҚР ІІМ 6506 әскери бөлім ұжымымен бірге өткізілген «Қазақстан халықтарының тілі» атты конкурсында жүлделі орын алғаны үшін әскери бөлім басшылары тарапынан (2008 ж.), «Оңтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға белсене үлес қосқаны үшін» облыс әкімі тарапынан (Шымкент 2008 ж.), «Тұңғыш тіл заңының қабылданғанына 20 жыл толуына және Қазақстан халқы тілдері күніне орай мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру барысындағы зор еңбектері мен жоғары жетістіктері үшін» ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен (Астана 2009ж.) бірнеше Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған.

А.Г.Құрбанов 2007 жылы ОҚО түрік этно-мәдени орталығы басшылығының мәдениет саласы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, 2008 жылы Республикалық «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының Оңтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің алқа мүшесі болып тағайындалды.